

ОФЕРТА ШАРТЫ

Осы Оферта шарты «Автомотив Ассистанс Альянс» ЖШС -нің (бұдан әрі – «Компания») әрекетке қабілеттілігі мен қажетті өкілеттіктері бар кез келген жеке тұлғаның атына осы Шартта белгіленген шарттармен және тәртіппен Компаниямен Оферта шартын (бұдан әрі «Оферта шарты») жасасуға ресми ұсынысы (жария оферта) болып табылады және қызмет көрсетудің барлық елеулі шарттары мен тәртібін қамтиды.

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Оферта шартында мынадай терминдер және олардың анықтамалары пайдаланылады:

Автомобиль:

1) осы Шартқа сәйкес жазылымға қатысатын рұқсат етілген ең жоғары салмағы 3,5 тоннадан аспайтын жүргізушіні есептегенде сыйымдылығы 2-ден 8 адамға дейінгі жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған жеңіл автомобиль, оның ішінде электромобильдер (электр қозғалтқышымен жарақтандырылған көлік құралы);

2) жеңіл коммерциялық көліктерге салмағы 4,0 тоннадан аспайтын немесе жүргізушіні қоспағандағы орын саны 16-дан аспайтын көлік құралдары жатады. Жеңіл коммерциялық көліктерге мыналар жатады: пикаптар, борттық жүк көліктері (жүк көтергіштігі 1500 кг-нан аспайтын), фургондар (толық жабық жүк бөлімі бар), осы Шартқа сәйкес Жазылымға қатысатын шағын автобустар.

Акцепт– осы Шарттың 2-бөлімінде көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыру арқылы Клиенттің Офертаны толық және сөзсіз қабылдауы.

Байланыс орталығы – Қазақстан Республикасы-2470, Қырғыз Республикасы: 0-800-800-99-99 телефон нөмірлері бойынша жүгінген жағдайда Клиенттерге кеңес беруді және оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыратын, тәулік бойы және жыл бойы жұмыс істейтін Компанияның қызметі.

Жазылым - Клиентке Жазылымның қолданылу мерзімі ішінде осы Шартта айқындалған көлемде және шарттарда шектеулі мерзімге оның Автокөлігіне қатысты Компания Серіктестері көрсететін техникалық көмекке тапсырыс беру үшін Мобильді қосымшаға және/немесе Қызметке қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Жазылым түрі – осы Оферта шартының 1-қосымшасында келтірілген Жазылым түрлерінің бірі.

Жазылым қолданысының мерзімі– 12 (он екі)/24 (жиырма төрт)/36 (отыз алты)/48 (қырық сегіз)/60 (алпыс) күнтізбелік ай, Клиенттің қалауы бойынша, Клиентке Қызмет көрсететін осы Оферта шартының талаптарына сәйкес Жазылымға рұқсат берілген сәттен басталады. Жазылым әрекеті белгілі бір Клиент үшін Жазылымның соңғы күні 23 сағат 59 минутта аяқталады.

Жеке кабинет - Клиенттің Дербес деректерін, оның логині мен құпия сөзін, сондай-ақ Жазылым қызметтеріне тапсырыс беру үшін қажетті және Компанияның қалауы бойынша айқындалатын өзге де ақпаратты қамтитын Қызметтің және/немесе Мобильді қосымшаның деректер базасындағы Клиенттің есептік жазбасы.

Жолдар - Қызмет көрсету аумақтарында орналасқан, жайластырылған немесе бейімделген және көлік құралдарының қозғалысы үшін пайдаланылатын жер белдеулері не жасанды құрылыстың беті. Жолдар бір немесе бірнеше жолдарды, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және бар болса, бөлу жолақтарын қамтиды.

ЖКО – Жол-көлік оқиғасы.

ҚР – Қазақстан Республикасының аумағы.

Клиент– осы Шартқа сәйкес Жазылымға қатысатын Автомобильді заңды негізде иеленетін және/немесе пайдаланатын әрекетке қабілетті жеке тұлға.

КҚИ АҚЖМ – бұл көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру.

Компания – «Автомотив Ассистанс Альянс» жауапкершілігі шектеулі Серіктестігі.

Компанияның қызметтері - Жазылым шеңберінде осы Оферта шартында айқындалған көлемде және шарттарда Компания Серіктестерінен Қызметтерге тапсырыс беру үшін Клиенттерге Мобильді қосымшаға және/немесе Қызметке қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Қызмет көрсету – Компанияның Әріптестерінің Жазылу шеңберінде Қызметтер көрсетуі, Қызмет көрсету Автомобиль Жолда болған кезде қатаң жүзеге асырылады.

Қызмет көрсету аумағы - осы Оферта шартының 8.3-тармағында аталған Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы қалаларының аумақтары және Жазылым түріне байланысты қашықтықта.

Мобильді қосымша– iOS және Android платформаларында «3a.com.kz» Мобильді қосымшасы және/немесе PUSH24.kz Мобильді қосымшасы, бұл Қызметтерге тапсырыс беруге арналған функционалдылық жиынтығы.

Сервис – Компанияның Қызметтерге тапсырыс беруге арналған <https://3a.com.kz> мекенжайында орналасқан веб-платформасы.

Серіктес қызметтері - бұл Серіктестер Клиенттерге Жазылым шеңберінде осы Оферта шартында айқындалған көлемде және шарттарда көрсететін қызметтер.

Серіктестер– осы Шарттың және олармен Компания жасасатын шарттардың талаптарына сәйкес Клиенттерге Қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Компанияның серіктестік желісінің ұйымдары. Осы Шартты орындау кезінде Серіктестердің әрекеттері үшін Компания жауапты болады.

СО - сервис орталығы.

ТМД– Тәуелсіз Мемлекеттер достастығына кіретін елдердің аумағы.

Тараптар– Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 33-тарауында және осы Шартта көзделген негіздер бойынша осы Оферта шартын жасасқан Компания, Клиент.

Техникалық көмек - осы Оферта шартының № 1 қосымшасына сәйкес Қызметтерді қамтитын Жазылым шеңберінде ұсынылатын қызметтер жиынтығы.

Шарт– Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 33-тарауында белгіленген тәртіппен осы Оферта шартында көзделген талаптармен жасалған Клиент пен Компания арасындағы келісім.

Эвакуатор – Компанияның әріптесіне тиесілі, техникалық және конструкциялық жағынан осы мамандандырылған автокөлік құралын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қолданыстағы заңнаманың талаптарында белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара тиеу немесе сүйрету арқылы басқа көлік құралдарын тиеуге, түсіруге және тасымалдауға арналған мамандандырылған автокөлік құралы. Осы Шарттың мақсатында эвакуаторларға техникалық көлік құралдары теңестірілуі мүмкін.

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Компания осы Офертаның Клиентінің Акцепті негізінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиентпен Қызметке және/немесе Мобильді қосымшаға және кіріктірілген Жазылым қызметтеріне қол жеткізуді ұсыну бойынша қызметтер көрсетуге Шарт жасасады.
- 1.2. Шарт ҚР, ТМД аумағында қолданылады (Жазылым түріне байланысты). Жазылым қызметтеріне қолжетімділік Қызмет және/немесе Мобильді қосымша арқылы қамтамасыз етіледі; қажет болған жағдайда офлайн-қызметтер (эвакуациялау немесе өзге де техникалық көмек көрсету қызметтері) № 1-қосымшада көрсетілген қызмет көрсету аймақтарында әріптестік желі арқылы ұйымдастырылады.
- 1.3. Компания Компанияның Қызметтерін көрсетеді және Клиентке Жазылым шеңберінде Қызмет және/немесе Мобильді қосымша арқылы серіктестік қызметтерге (жеңілдіктер, бонустар және өзге де артықшылықтар) қол жеткізуді ұсынады.
- 1.4. Осы Оферта шарты бойынша тараптардың құқықтық қатынастарына әсер ететін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда, олар заңды күшіне енген сәттен бастап жаңадан қабылданған ережелерге сәйкес келтіріледі. Осы Офера шартында көрсетілмеген шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 1.5. Акцепт толық және сөзсіз болып табылады: Жазылымды сатып алу фактісі және Қызметке және/немесе Мобильді қосымшаға қол жеткізгені үшін Клиенттердің 100% алдын ала төлемі Офертаның барлық шарттарымен, оған барлық қосымшалармен және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес келісуді білдіреді және осы Оферта шарттарына сәйкес Компаниямен келісімшарттық қарым-қатынас орнатқан тұлға болып қарастырылады.
- 1.6. Клиент осы Оферта шартының талаптарымен келісе отырып, Техникалық көмек көрсетуді Серіктестер жүзеге асыратынын түсінеді және қабылдайды.
- 1.7. Тараптар осы Оферта шарты бойынша Клиент онда баяндалған талаптарға қандай да бір ерекшеліктер мен ескертпелерсіз қосылатынын мойындайды.
- 1.8. Компания Клиенттерді алдын ала хабардар етпей, осы Оферта шартына өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгерістер Қызметте және/немесе Мобильді қосымшада жарияланғаннан кейін күшіне енеді және жарияланғаннан кейін жасалған Қызметтегі Клиенттің кез келген әрекетіне қолданылады.
- 1.9. Интерфейстерді, алгоритмдерді, дерекқорларды, дизайнды, мәтіндерді және басқа да зияткерлік меншік объектілерін қоса алғанда, Сервис пен Мобильді қосымшаны бағдарламалық қамтамасыз етуге барлық айрықша құқықтар Компанияға тиесілі. Клиентке Жазылым шеңберінде Қызметті және/немесе Мобильді қосымшаны тек қана жеке мақсаттар үшін пайдаланудың шектеулі, айрықша емес құқығы беріледі. Осы Оферта шартының шеңберінен тыс Қызмет және/немесе Мобильді қосымша элементтерін кез келген көшіруге, түрлендіруге, таратуға немесе пайдалануға тыйым салынады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

2. ОФЕРТА ШАРТЫНЫҢ МӘНІ

- 2.1. Осы Оферта шартына сәйкес Компания Серіктес Жазылымы бойынша Техникалық қолдау қызметіне тапсырыс беру үшін Клиентке Мобильді қосымшаға және/немесе

Қызметке қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндеттенеді, ал Клиент осы Оферта шартының шарттарына сәйкес Компанияға осы Қызметтер үшін ақы төлеуге міндеттенеді..

- 2.2. Жазылым құны және Жазылымның қолданылу мерзімі Қызметте/Мобильді қосымшада және (немесе) Компанияның өзге де құжаттарында көрсетіледі.
- 2.3. Егер осы Оферта шартының басқа тармақтарында өзгеше тәртіп белгіленбесе, Акцепт қабылдау Тәртібі мынадай:
 - 2.3.1. Клиент тіркеу рәсімінен өтеді және осы Оферта шартының және оған Қосымшалардың талаптарымен, Жазылым шеңберінде қолжетімді Техникалық қолдау туралы ақпаратпен және оны ұсыну шарттарымен танысады, оларды Жазылым шеңберінде алуға болады, сондай-ақ Жазылым құны және Қызметте және/немесе Мобильді қосымшада жарияланған Жазылым кезеңі туралы ақпаратпен танысады;
 - 2.3.2. Клиент банк картасын және/немесе электрондық төлем құралын өзінің Жеке кабинетіне авторландыру және байланыстыру рәсімдерінен өтеді. Осы Оферта шартының мақсаттары үшін Жеке кабинетке байланыстырылған (рәсімдеуден бұрын немесе кейін Жазылым процесінде байланыстырылғандарды қоса алғанда) кез келген банктік карта және/немесе электрондық төлем құралы Байланыстырылған карта болып есептеледі.
 - 2.3.3. Клиент осы Оферта шартының 2.3.1-2.3.2-тармақтарында көрсетілген әрекеттерді жасағаннан кейін осы Оферта шартының Қызметіндегі/Мобильдік қосымшасындағы немесе 5-бөліміндегі нұсқаулықтарға сәйкес Жазылым құнын төлеу арқылы Акцепті жүзеге асырады.
 - 2.3.4. Жазылымға қолжетімділік Клиентке Жазылымның қолданылу мерзіміне толық көлемде Клиент **Сервисте, Мобильді қосымшада** жазылу құнын төлеген сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағат өткеннен кейін немесе Компанияның төлемдерді есепке алу жүйесінде төлем фактісі көрсетілген жағдайда **осы Оферталық Шарттың 5-бөлімінде көзделген тәртіппен беріледі.**

3. ОФЕРТА ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ. ОФЕРТА ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ. ОФЕРТА ШАРТЫН ЖАСАСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ.

- 3.1. Компанияның Клиентке қатысты қызметтер көрсету міндеттері Қызмет көрсету басталған күннен бастап туындайды.
- 3.2. Нақты Клиентке қатысты Оферта шартының қолданылуы ол қосылған Жазылымның қолданылу мерзімінің соңғы күнінің 23 сағат 59 минутында аяқталады. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай мерзімде Клиент тарапынан Шарт бойынша жазбаша қарсылықтар болмаған кезде, осы Шарттың 1-қосымшасында көзделген қызметтер Компания тиісінше көрсеткен және Клиент қабылдаған болып есептеледі. Оферта шарты бойынша Тараптардың міндеттемелері Оферта шартының қолданылуы аяқталған сәттен бастап тоқтатылады.
- 3.3. Кез келген Тараптың Оферта шартын мерзімінен бұрын тоқтатуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделеді.
 - 3.3.1. Клиенттің осы Оферта шартынан бас тартуы кез келген уақытта мүмкін болады. Клиенттің бастамасы бойынша шартты бұзу "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "АҚ-да "халық" сақтандыру компаниясы КҚИ АҚЖМ полисін бұзған кезде ғана жүзеге асырылады
 - 3.3.2. Осы Шарттың 3.3.1-тармағына сәйкес Жазылымды сатып алғаннан кейінгі күні шартты мерзімінен бұрын тоқтатылған (бұзылған) кезде, Компания осы Шартты жасасу кезінде Компанияның клиенті төлеген соманың Жазылымның қолданылу мерзімі өтпегенге барабар бөлігін Компанияның әкімшілендіру, жасасу және қызмет көрсету жөніндегі шығыстарын шегере отырып, Клиент Жазылымға сәйкес ұсынылатын қызметтердің ешқайсысын пайдаланбаған жағдайда, осы Клиентке Жазылым құнының 10 (он)% мөлшерін қайтарады.

Есептеу формуласы:

Қайтару сомасы = а - 10% - (а/б*с), мұндағы:

а - жазылым құны,

10% - Компанияның әкімшілендіру, жасасу және қызмет көрсету жөніндегі шығыстары,

b - жазылу мерзімі күндерде,

c - жазылымды іске қосқан сәттен бастап Клиенттің өтінішін алғанға дейінгі пайдаланылған күндер саны.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Клиент құқылы:

- Осы Оферта шарты шеңберінде қызмет көрсетілетін Автокөлікті оның есептік деректерін Компания базасына қосымша ақысыз енгізе отырып бір рет өзгерту. Компанияның деректер базасына өзгертілген Автокөлік туралы деректерді енгізу рәсімін Клиент өзінің аты-жөнін, байланыс телефон нөмірін, email, VIN нөмірін және автокөліктің тіркеу нөмірін, автокөліктің орналасқан қаласын немесе Қызмет/Мобильді қосымша арқылы клиентке хабарлай отырып, Байланыс орталығы арқылы жүзеге асырады. Өзгертілген Автокөлікке қатысты Техникалық көмек Клиент Компанияның дерекқорындағы есептік деректерін өзгерткен сәттен бастап 72 сағаттан кейін көрсетілуі мүмкін.
- Компанияның қызметтеріне, Техникалық көмекке тапсырыс беру, сатып алу және пайдалану, анықтамалық-кеңестік ақпарат алу.
- Компанияның қызметкерлері және/немесе Серіктестері ұсынған қызметтердегі, жұмыстағы, анықтамалық және кеңестік ақпараттағы кез келген кемшіліктер туралы Компанияға хабарлау.
- Клиент осы Шарттың 3.3.2-тармағын ескере отырып, осы Шарт-оферта бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты нақты жұмсалған шығыстарды компанияға төлеген жағдайда кез келген уақытта оферта шартын орындаудан бас тартуға құқылы.

4.2. Клиент міндетті:

- Оферта шартының 6.2-тармағының ережелерін ескере отырып, Компанияның қызметтеріне және Компания ұсынған анықтамалық-кеңестік ақпаратқа, олардың жемістері мен нәтижелеріне, Техникалық көмекке жеке тапсырыс беру, сатып алу және пайдалану.
- Осы Оферта шартының 6.2-тармағында көзделген тәртіппен қызмет көрсету кезінде Компанияға және/немесе Серіктеске хабарланатын есептік ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету.
- Техникалық көмекке тапсырыс беру кезінде Компанияға және/немесе Серіктеске тапсырыс берілген техникалық көмектің сипаттамалары, сондай-ақ оларды алу орны туралы толық және сенімді ақпарат беру.
- Осы Шартта көзделген жұмыстарды орындауды және/немесе Қызметтерді көрсетуді бастамас бұрын Оферта Серіктес маманға жеке басын куәландыратын құжатты, Автокөлікті тіркеу туралы куәлікті, осы Автокөлікті иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығын растайтын құжаттарды ұсыну.
- Орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің көлемі мен сапасын уақтылы тексеру және орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді осы Шартта көзделген тәртіппен Офертамен қабылдау.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін компания және/немесе Серіктес өкілдері ресімдейтін барлық құжаттарға қол қойыңыз. Жұмыс аяқталғаннан кейін ресімделетін құжаттардағы деректермен келіспеген немесе қызмет көрсету сапасына қанағаттанбаған жағдайда бұл туралы Компанияға Байланыс орталығы арқылы дереу хабарлау және/немесе ресімделетін құжаттарда өз қарсылықтарын жазбаша баяндау.
- Компания өкілдері, сондай-ақ Серіктестер ұсынатын қызметтерге қатысты барлық ұсыныстарды орындау.
- Есептік деректері өзгерген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Компанияға Автомобильдің есептік деректеріндегі барлық өзгерістер туралы хабарлау. Клиент бұл міндетті белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, есептік деректер дұрыс деп есептеледі және Компания көрсетілген есептік деректердің нақты ақпаратқа сәйкес келмеуінің салдары үшін жауап бермейді.

- Есепке алу ақпаратында көрсетілген Автокөлікті жарамды күйде ұстау, Автокөлікке зиян келтірмеу мақсатында сақтық шараларын қолдану.
- Осы Оферта шарттың талаптарын орындауға.

4.3. Компания құқылы:

- Техникалық көмек көрсету үшін Клиенттің және оның Автокөлігінің жеке деректерін Серіктестерге беру.
- Клиент ұсынған ақпаратты, сондай-ақ Клиенттің осы Оферта шартының талаптарын орындауын тексеру.
- Осы Оферта шартына 1-қосымшаның 7 және 8-тармақтарына сәйкес Компанияның Клиентіне қызметтер көрсетуден және жұмыстарды орындаудан бас тарту.
- Клиент осы Оферта шартының талаптарын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Оферта шартын мерзімінен бұрын тоқтату.
- Компанияның Клиентіне қызмет көрсетуден, техникалық көмек көрсетуден, анықтамалық-кеңестік ақпарат беруден толық немесе ішінара бас тарту:
 - Жазылымға Қосылу кезінде Клиент ұсынған Автокөліктің деректері мен Компания қызметтеріне тапсырыс беру, сатып алу және/немесе алу кезінде Клиент ұсынған және/немесе ұсынған тиісті деректер арасындағы сәйкессіздіктер, сондай-ақ Техникалық көмекке тапсырыс беру кезінде Компанияға және/немесе Серіктеске осындай Техникалық көмектің қажетті сипаттамаларына қатысты немесе техникалық көмек алу көлеміне, орнына және уақытына қатысты берілген ақпарат арасындағы сәйкессіздіктер.
 - Клиенттің және/немесе үшінші тұлғаның атынан және/немесе Клиенттің тапсырмасы бойынша осы Оферта шартының 4.1-тармағына сәйкес Клиент Жазылымға Қосылған кезде хабарлаған/Клиент өзгерткен есептік деректерде көрсетілгеннен өзге Автокөлікке қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді (өзге де тану тіркеу белгілерімен, сәйкестендіру нөмірлерімен және сол сияқты біліктілік белгілерімен) орындауға тапсырыс беруі.
 - Клиенттің осы Оферта шартының талаптарын бұзуы.
 - Егер Тапсырыс беру немесе қызметтерді сатып алу қажеттілігі Клиенттің құқыққа қайшы мүдделерінен туындаса, сол сияқты олардың орындалуы Компанияның қолданыстағы заңнаманың, қоғамда қабылданған өнегелік пен ақылақ нормаларының талаптарын бұзу қажеттілігімен тікелей және/немесе іс жүзінде байланысты болған жағдайларда.
 - Егер Клиент Компанияның өкілін және/немесе Компанияның Серіктесін қорлайтын болса, дерекі сөйлесе, қызметті алу кезінде немесе оны көрсету кезінде балағат сөздерді қолданса.

4.4. Компания міндетті:

- Клиентке Компанияның сайтында және (немесе) Қызметте/Мобильді қосымшада орналастыру арқылы осы Шартты жасасар алдында Офертамен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету.
- Клиентке осы Оферта шартының талаптарына, қолданыстағы заңнамаға және әдеттегі іскерлік айналым жағдайында осындай қызмет түрлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін көлемде, тәртіппен және сапада қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.
- Осы Шартта Офертада және қолданыстағы заңнамада көзделген негізде және тәртіппен өзге де қызметтер көрсету.
- Клиентке қандай да бір жағдайларда Компанияға жүгіну үшін ұсынуға қажетті құжаттардың тізбесін хабарлау.
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиент туралы мәліметтерді жария етпеу. Компания осы Оферта шартында көзделген шарттарда, көлемде және тәртіппен өз Серіктестеріне Клиент және оның Автокөлігі туралы мәліметтерді хабарлау құқығын өзіне қалдырады.
- Осы Офертада шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға міндетті.

- Тараптар арасында өзара келісімге қол жеткізілгеннен кейін немесе сот шешімі бойынша, осы Оферта шарты бойынша қызметтерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің Жазылымға қосқан Көлігіне келтірілген залал сомасын Тапсырыс берушіге өтеуге.

5. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

5.1. Жазылым Қосылған кезде Клиент төлеген сома Компанияға Қызметке және/немесе Мобильді қосымшаға және оған қосылған қызметтерге қол жеткізгені үшін сыйақы болып табылады. Жазылым құны Клиенттің Жеке кабинетінде, Қызметке және/немесе Мобильді қосымшада және/немесе Компанияның өзге де құжаттарында көрсетіледі. Төлем Компанияға Қызметке және/немесе Мобильді қосымшаға қол жеткізгені үшін сыйақыны, сондай-ақ оны қолдау мен қызмет көрсетуге байланысты шығындарды қамтиды. Жазылым құны төлем күніне белгіленеді және төленген кезең ішінде өзгертілмейді.

5.2. Компания жүзеге асыратын, жарғылық қызмет шеңберінде көрсетілетін және осы Оферта шартының 2-бөлімінде көзделмеген өзге де қызметтер мен іс-шараларды көрсетудің құны мен тәртібін Компания Компанияның сайтында орналастырылатын прейскурант түрінде белгілейді. Компания Прейскурантты Клиентке қосымша хабарламастан, оны сайтта орналастыра отырып, біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

5.3. Клиент қызмет көрсету аймағынан тыс анықтамалық-кеңестік қызметтерін қоспағанда, Техникалық көмекке, сондай-ақ осы Оферта шартының 1-қосымшасына сәйкес тізімге кірмейтін қосымша қызметтерге немесе қосымша қызметтер санына тапсырыс берген жағдайда, егер Жазылымды толтыру аясында қызметтердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша жұмыстарды жүргізу қажет болса, Клиент Серіктеске қызмет көрсетуді сұраған кезде қолданыстағы бағалар тізіміне сүйене отырып, осындай Техникалық көмек үшін ақы төлейді.

5.4. Осы Оферта шарты бойынша барлық есеп айырысулар теңгемен жүргізіледі.

6. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

6.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 438-бабына сәйкес Тараптар осы Оферта шартының 5-бөлімінде көрсетілген қызметтердің құнын төлеу осы жария оферта Клиентінің толық, сөзсіз және айқын білдірілген акцепті болып табылатынына уағдаласты.

6.2. Қызмет және/немесе Мобильді қосымша арқылы онлайн Жазылымға қосылған кезде Клиент Жазылымға қосылу және Офертаның Жария шартына қосылу туралы электрондық келісімге қол қоюға міндетті. Жазылымды офлайн сатып алған жағдайда Клиент Жазылымға қосылу және Жария офертаға қосылу туралы өтінішке қағаз жеткізгіште қол қояды.

6.3. Компанияның Клиентінің Автокөліктің есептік деректерін (VIN-нөмірін) хабарламауы, сол сияқты олардың Клиенттің кінәсінен дұрыс хабарламауы Компанияның осы Оферта шартында көзделген қызметтер көрсетуден, Техникалық көмек көрсетуден және басымдықтарды беруден бас тартуына әкеп соғады.

6.4. Тараптар Компания мен Клиент арасындағы Оферта шарты Жария оферта акцепті болған сәттен бастап: Жазылымды сатып алу фактісі және Клиенттің Қызметке және/немесе Мобильді қосымшаға қол жеткізгені үшін немесе осы *Оферта шартының 2.3-тармағына сәйкес* 100% алдын ала төлемі жасалған болып есептеледі деп уағдаласты.

6.5. Тараптар Компания мен Клиент арасындағы Оферта шарты осы Оферта шартының 3-бөлімінде көзделген жағдайларда тоқтатылатынына уағдаласты.

6.6. Тараптар Оферта шартын Тараптар мерзімінен бұрын немесе сот шешімімен, егер оның қолданылу мерзімі ішінде Тараптар осы Оферта шартын жасасу кезінде басшылыққа алған мән-жайларда айтарлықтай өзгеріс болса, бұл мән-жайлар соншалықты өзгерген болса, егер мұндай өзгерістерді алдын ала болжауға болатын болса, Тараптар арасындағы Оферта шартын мүлдем жасалмас еді немесе осы Оферта шартын бойынша келісілген шарттардан айтарлықтай өзгеше шарттармен жасалар еді, мерзімінен бұрын бұзуы мүмкін екендігі туралы келісті.

6.7. Тараптар осы Оферта шарты шеңберінде Тараптар арасындағы жазбаша түрде жасалған, электрондық, телефон немесе басқа байланыс құралдары арқылы жіберілген және/немесе алынған, сондай-ақ Қызмет/Мобильді қосымша арқылы берілген хабарламалар, хабарландырулар, мәлімдемелер және басқа да мүмкін хат алмасулар бірдей жарамды деп

танылатынына келіседі. Қысқа мәтіндік хабарламалар (SMS-хабарламалар) қызметтерін пайдалану кезінде оларды осындай хабарламаларды қабылдауға/беруге арналған құрылғыларға беру кезінде бұл ереже тек Компания тарапынан жіберілген хабарламалар үшін қолданылады. Компания осы Шартта көзделген шарттарда және тәртіппен жазылымға қосылу кезінде Клиент хабарлаған ақпаратты өз мақсаттарында ақылға қонымды және адал пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

6.8. Тараптар қызметтер тек Компанияда сақталған есептік деректерде көрсетілген Автокөлікке ғана көрсетіледі деп келісті. Автокөлікті ауыстырған жағдайда, Клиент бұл туралы Компанияға осындай өзгеріс болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті. Осы Автокөлік бойынша қызмет көрсету міндеті есептік деректері өзгерген сәттен бастап 72 сағаттан кейін ғана туындайды. Мұндай өзгеріске Оферта шартының қолданылу мерзімі ішінде бір реттен артық емес жол беріледі.

6.9. Тараптар есепке алу деректерінде Техникалық көмек көрсету, осы Шартқа сәйкес жұмыстарды орындау объектісі болып табылмайтын Автокөліктерді Офертамен көрсеткен клиенттердің шұғыл Техникалық көмек және осы Автокөліктерді эвакуациялау шеңберінде қызметтер мен жұмыстарды пайдалануға құқығы жоқ деп уағдаласты. Серіктес Клиенттің есебінен техникалық мүмкіндік болған кезде көрсетілген Қызметтерді көрсетуге, осындай Автокөліктерге қатысты көрсетілген жұмыстарды орындауға құқылы.

6.10. Компания Клиент өз міндеттерін үш рет бұзған жағдайда Клиентті жазбаша хабардар ете отырып, Шартты бұзуға құқылы, ол құжатпен расталады (қоңырау жазбасы, қызмет көрсету актісі).

6.11. Тараптар Клиент тарапынан көрсетілетін қызметтерді теріс пайдалану Клиенттің мынадай іс әрекеттері деп санауға уағдаласты:

- Осы Шартта көзделген шарттарда және тәртіппен қызмет көрсету және жазбаларда тіркелген қоңыраулар кезінде Клиентке берілген Компанияның, Серіктестің ауызша ұсынымдарын үш рет орындамау;
- Осы Оферта шартында көзделмеген жағдайларда көлік құралын тасымалдау жөніндегі техникалық көмекке немесе шұғыл техникалық көмекке тапсырыс беру;
- Техникалық көмекке қажетсіз қасақана тапсырыс беру, сол сияқты осы Оферта шартында көзделген шарттарда және тәртіппен жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету қажеттілігі көрсетілген кезде компанияны немесе серіктесті қасақана алдау;
- Клиенттің Серіктестер мен Техникалық көмекті орындауға бағытталған кез келген қасақана әрекеттері осы Оферта шартында белгіленгеннен өзгеше тәртіппен.

6.12. Ешбір жағдайда Компания немесе оның әкілдері Клиенттің немесе кез келген үшінші тараптардың алдында Қызметті/Мобильді қосымшаны, Қызметтің/Мобильді қосымшаның мазмұнын немесе Клиент немесе басқа тұлғалар Қызмет арқылы қол жеткізген басқа материалдарды пайдалануға байланысты туындаған жанама, кездейсоқ немесе абайсызда келтірілген залал үшін, соның ішінде жоғалған пайда немесе жоғалған деректер, ар-намыс, қадір-қасиет немесе іскерлік беделге келтірілген залал үшін жауапты болмайды, тіпті Қызмет/Мобильді қосымша әкімшілігі мұндай теріс салдардың болуы мүмкін екендігі туралы ескерту жасамаған жағдайда да.

6.13. Клиентке Қызметтің/Мобильді қосымшаның құқық иесі болып табылатын Компания Клиенттің Қызметте/Мобильді қосымшада сілтемелері болуы мүмкін сыртқы ресурстарға баруы және пайдалануы кезінде туындауы мүмкін жағымсыз салдарлар үшін жауап бермейтіні туралы ескертілді.

6.14. Клиент Компанияның Қызметте/Мобильді қосымшада орналастырылған кез келген ақпаратқа, авторлық құқықты тіркеуге және осындай тіркеудің мәліметтеріне, сыртқы ресурстар арқылы қолжетімді немесе алынған қызметтерге немесе Клиенттің Қызмет/Мобильді қосымшасында орналастырылған ақпаратты немесе сыртқы ресурстарға сілтемелерді пайдаланып орнатқан басқа байланыстарына байланысты кез келген ықтимал немесе нақты шығындар үшін Клиент алдында жауапты болмайтынына келіседі.

6.15. Компания Клиенттің бағдарламалық-техникалық құралдарындағы Сервис/мобильді қосымшаның жұмысындағы іркілістер, клиенттің бағдарламалық-техникалық құралдарындағы ақаулар үшін жауап бермейді.

7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

7.1. Компания мен Клиент арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі. Егер келіссөздер нәтижеге әкелмесе, онда Қызметтерге наразылығы бар Клиент support@3a.com.kz электрондық поштасына немесе Компанияның орналасқан жеріне наразылық хатын жіберуі тиіс. Компания осындай хатты алған сәттен бастап, күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Клиенттің наразылық хатына жауап береді. Клиент Компанияға наразылық хат немесе өзге де өтініш жолдаған кезде жеке куәліктің көшірмесін және шағымның мәнін растайтын басқа да құжаттарды қоса беруге міндетті. Компания Клиенттен талап хатты немесе басқа да шағымды қарау үшін қосымша құжаттарды талап ете алады, Клиент оларды ұсынуға міндетті. Келісімге қол жеткізілмеген кезде, тараптар арасындағы дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Компанияның орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі. Сот талқылауының тілі ретінде орыс тілі болады.

7.2. Тараптар Оферта шартында көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер осындай орындамауы нақты уақыт кезеңінің нақты жағдайларында еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, оның ішінде төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлардың іс-қимылдарының салдары болып табылған жағдайда жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына, оның ішінде, бірақ мұнымен ғана шектелмей: зілзала, су тасқыны, найзағай соққысы, көшкін, температура, желдің күші және қалыпты тіршілік әрекетін болдырмайтын жауын-шашын деңгейі, билік пен басқару органдарының мораторийі сияқты дүлей сипаттағы құбылыстар, ереуілдер және өзге де осындай жағдайлар жатады.

7.3. Форс-мажорлық жағдайлардың ықпалына түскен Тарап осындай жағдайлардың басталғаны туралы өзіне белгілі болған кезден бастап ақылға қонымды мерзімде бұл туралы екінші Тарапты хабардар етуге міндетті.

7.4. Компания нақты жеке тұлғалармен байланысты болуы мүмкін Клиент ұсынатын Ақпаратты (бұдан әрі - «Дербес деректер») жинауға, пайдалануға, беруге, сақтауға немесе өзгеше түрде өңдеуге (бұдан әрі - «Бірлесіп өңдеуге») құқылы. Компания тек қана оферта шартының орындалуы мақсатында Жеке деректерді өңдеуді жүзеге асыруға міндеттенеді. Жеке деректерді сақтау мерзімі – шарт тоқтатылғаннан кейін 5 жылдан аспауы тиіс және бұл ретте қолданыстағы заңнама талаптары сақталады. Компания өз атынан Жеке деректерді өңдейтін әрбір Серіктестен аталған талаптардың сақталуын талап етеді.

7.5. Клиент сенімді дербес деректерді Мобильдік қосымшада және/немесе Сервисте ұсынуға міндеттенеді.

7.6. Компания дербес деректерді қорғауға байланысты ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген талаптарды орындауға міндеттенеді. Компания дербес деректердің сақталуын қамтамасыз етеді және уәкілетті емес тұлғалардың дербес деректеріне қол жеткізуді болдырмайтын, оларды қорғау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

7.7. Сервис және/немесе Мобильдік қосымшаны пайдалана отырып, Клиент келесі мекенжайы бойынша орналасқан Дербес деректерді жинау және өңдеу жөніндегі саясатпен танысқанын және онымен келісетінін растайды: <https://3a.com.kz/privacy-policy>. Көрсетілген құжатпен келісім толық және сөзсіз болып табылады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Клиент пен Компания арасындағы Оферта шартының барлық талаптары, оның ішінде елеулі шарттар, осы Оферта шартында келтірілген және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

8.2. Шарттың орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндерінің арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басымдыққа ие болады.

8.3. Осы Шартпен реттелмеген немесе толық реттелмеген қалған барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Осы Оферта шарты шеңберінде эвакуациялау немесе техникалық көмек көрсету қызметінің қолданылу аймағы жазылым түріне қарай төменде және қашықтықта көрсетілген Қазақстан Республикасы қалаларының аумағында ұсынылады:

Қаланың атауы	Облыс
Алматы	
Астана	
Шымкент	
Ақтөбе	Ақтөбе
Қарағанды	Қарағанды
Тараз	Жамбыл
Өскемен	Шығыс Қазақстан
Павлодар	Павлодар
Атырау	Атырау
Семей	Абай
Қызылорда	Қызылорда
Ақтау	Маңғыстау
Қостанай	Қостанай
Орал	Батыс Қазақстан
Петропавловск	Солтүстік Қазақстан
Түркістан	Түркістан
Көкшетау	Ақмола
Теміртау	Қарағанды
Талдықорған	Жетісу
Екібастұз	Павлодар
Жезқазған	Ұлытау
Балқаш	Қарағанды
Құлсары	Атырау
Сарыағаш	Түркістан
Қонаев	Алматы
Риддер	Шығыс Қазақстан
Аягөз	Абай
Есік	Алматы
Жітіқара	Қостанай
Үшарал	Жетісу

Компания деректемелері:

«Автомотив Ассистанс Альянс» ЖШС

БСН: 200740002052

Заңды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Назарбаев к-сі, 250, 5-6 кеңсе

Банк деректемелері:

«Народный Банк Казахстана» АҚ

IBAN (KZT) KZ966018861000968121

SWIFT: HSBKKZKX

КBe 17

ЖАЗЫЛЫМ ТҮРІ БОЙЫНША КЛИЕНТТЕРГЕ ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

1. Жазылым түріне сәйкес Техникалық көмекті толтыру:

Техникалық көмек / Оқиға	ЖАЗЫЛЫМ ТҮРІ
	BASIC
Мультидрайв	1 рет
Автоконсьерж Телефон арқылы техникалық кеңес беру	
АвтоАссистанс ЖКО кезінде Автомобильді эвакуациялау (4 тоннаға дейін)	
АвтоАссистанс Бұзылған кезде Автомобильді эвакуациялау (4 тоннаға дейін)	
АвтоАссистанс Дөңгелектерді ауыстыру	
АвтоАссистанс Дөңгелектерді үрлеу	
АвтоАссистанс Аккумулятор заряды таусылған кезде қозғалтқышты іске қосу	
АвтоАссистанс Отын жеткізу	
АвтоАссистанс Көлікті / жүк салғышты ашу	
Өрекет ету аймағы/Қызмет көрсету аумағы	ҚР, қала

2. Отын тасымалдау, Зақымдалған дөңгелекті ауыстыру, Автомобиль есігін ашу, Бұзылу және ЖКО кезінде эвакуациялау, телефон бойынша тәулік бойы техникалық кеңес беру қызметтерін көрсету жөніндегі іс-шараларды орындауға байланысты қызметтер мен оқиғалар Автомобильдің қашықтығы қызмет көрсету аумағынан аспаған жағдайда орындалады. Автомобиль 8.3-тармақта көрсетілген әрекет ету аймағынан/ қызмет көрсету аумағынан тыс жерде болған кезде Оферта шартының және / немесе әрбір оқиға бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір реттен артық орындаған кезде осы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер Клиентке осы Оферта шартының 5.3-тармағында көрсетілген тәртіппен көрсетіледі. Өтініштер саны жазылым түріне байланысты. Жазылым аясында Клиент жазылым қызметтерінің біреуін ғана алуға құқылы және тек бір реттік. Қызметтердің бірі көрсетілгеннен кейін Жазылым тоқтатылады.

3. Қосымшаның 1-тармағында көрсетілген Қызметтер бойынша шарттар мен ақпарат:

- Мультидрайв - Қызмет Автомобильге бекітіледі, қызметті осы көлік құралын басқаруға құқығы бар кез келген жүргізуші пайдалана алады (ерекшелік - Автомобильді ашу қызметі).

Автоконсьерж

- Телефон арқылы техникалық кеңес беру - Серіктестің механигімен кеңесу, Клиент үшін жекелеген ұсақ ақауларды өз бетінше жою мүмкіндігі. Кейбір жағдайларда машинаны өздігінен қозғалысқа келтіру мүмкіндігі.

АвтоАссистас

- Эвакуация (ЖКО/бұзылу) - Егер Техникалық көмек жолда нәтиже бермесе немесе бастапқыда оның сәтсіз болатыны белгілі болса, Байланыс орталығының операторы көлікті эвакуациялауды ұйымдастырады. Оператор автокөлік сатып алынған сервис орталығына (бұдан әрі - «СО») эвакуациялауды ұсынады. Қалалар шекарасынан тыс жерлерге эвакуациялау қызметтерін көрсетудің максималды қашықтығы жазылу түріне байланысты. Қызмет көрсету аумағының арақашықтығы асып кеткен жағдайда қосымша шығындарды клиент Компанияға немесе Компанияның Серіктесіне дербес төлейді. Клиенттің қалауы бойынша эвакуация Клиенттің тұрақты орналасқан жерінен ерекшеленетін қалаларда орналасқан басқа да СО-да жүргізіледі, олардың өзекті тізімі автоөндірушілердің ресми сайттарында ұсынылады. Автокөлік бұрын Жазылым бойынша бірінші СО-ға эвакуацияланған болса, бір оқиға шеңберінде автокөлікті СО-дан басқа СО-ға қайта эвакуациялау жағдайында Клиент оферта шартының 5.3-тармағына сәйкес автокөлікті қайта эвакуациялау қызметтеріне ақы төлейді. Компания немесе Серіктес даулы жағдай туындаған жағдайда Клиенттен осы СО-да автокөлікті бастапқы эвакуациялауға себеп болған оқиға бойынша автокөліктің ақаулықтарын жою туралы растайтын құжаттарды сұратуға құқылы.
- Зақымдалған дөңгелектерді ауыстыру - Егер Клиенттің Автомобилі шиналарының зақымдануына байланысты қозғалысты бастай алмаса немесе жалғастыра алмаса, онда Клиенттің өтініші бойынша Автомобильдің дербес қозғалысқа дайындығын қалпына келтіру мақсатында Клиенттің Автомобиль дөңгелектерін ауыстыруды жүзеге асыру үшін маман жіберіледі. Зақымдалған дөңгелектерді алып тастау және олардың орнына Клиентте бар қосалқы дөңгелектерді орнату бойынша жұмыстар ғана көрсетіледі (дөңгелектерді шиномонтаждау және жөндеу бұл қызметте көзделмеген және бөлек көрсетіледі) және/немесе Автомобильді/дөңгелектерді Клиентпен бірге ең жақын шиномонтажға дейін эвакуациялау, бұл жағдайда шинаны орнату жұмыстарының құнын Клиент дербес төлейді. Зақымдалған дөңгелектерді бөлшектеу мүмкін болмаған жағдайда, оларға орнатылған доңғалақ секрецияларының немесе дөңгелектердің ақаулы бекіткіш элементтерінің себебінен - қосымша жұмыстарды Клиент алдын ала хабарланған тариф бойынша қызмет көрсету фактісі бойынша сол жерде дербес төлейді. Қызмет көрсету аумағының қалаларының әкімшілік шекаралары шегінде және жазылым түріне байланысты қашықтықта тегін көрсетіледі. Егер қаланың әкімшілік шекарасынан автомобильдің нақты орналасқан жеріне дейінгі жолдағы қашықтық жазылым түрі бойынша қызмет көрсету аумағының арақашықтығынан асып кетсе, онда қызмет осы жерде осындай техникалық мүмкіндік болған жағдайда көрсетілуі мүмкін, ал қызмет көрсету аумағының арақашықтығы асып кеткен

жағдайда қосымша қашықтық үшін қосымша шығындар (бұл жазылым түрі бойынша қызмет көрсету аумағын асқан арақашықтық) Клиент оған алдын ала хабарланған тариф бойынша қызмет көрсету кезінде дербес төлем жасайды. Егер жазылу шарттарында өзгеше көзделмесе, Клиент осы қызметке өтініштер саны шектелмейді.

Қосалқы доңғалақ болмаған жағдайда маман шинаны ұсақ жөндеу қызметін көрсете алады (сымды орнату). Қызмет тек Алматы қаласының аумағында және тек электромобильдер үшін көрсетіледі.

- Дөңгелектерді ауыстыру - Егер Клиенттің Автомобилі Автомобильдегі дөңгелектердің желі кетуіне байланысты қозғалысты бастай алмаса немесе жалғастыра алмаса, онда Клиенттің жүгіну фактісі бойынша Автомобильдің дербес қозғалысқа дайындығын қалпына келтіру мақсатында Клиенттің Автомобиль дөңгелектерін ауыстыруды жүзеге асыру үшін маман жіберіледі.

- Қозғалтқышты іске қосу - Егер Клиенттің Автомобилі аккумуляторлық батареяның (АКБ) толық разрядының салдарынан қозғалысын бастай немесе жалғастыра алмаса, онда Клиенттің жүгіну фактісі бойынша техникалық орынды болған жағдайда қашықтықтан диагностика жүргізгеннен кейін маманды осы Автомобильдің қозғалтқышын, оның ішінде кемінде бір сыртқы көзден іске қосу жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін жіберіледі. Техникалық орынсыздық анықталған жағдайда - Автомобильді Клиент көрсеткен орынға эвакуациялау қызметі көрсетіледі. Қызмет қызмет көрсету аумағының қалаларының әкімшілік шекаралары шегінде және жазылу түріне байланысты қашықтықта тегін көрсетіледі. Егер қаланың әкімшілік шекарасынан автомобильдің нақты орналасқан жеріне дейінгі жолдағы қашықтық жазылым түрі бойынша қызмет көрсету аумағының арақашықтығынан асып кетсе, онда қызмет осы жерде осындай техникалық мүмкіндік болған жағдайда көрсетілуі мүмкін, ал қызмет көрсету аумағының арақашықтығы асып кеткен жағдайда қосымша қашықтық үшін қосымша шығындар (бұл жазылым түрі бойынша қызмет көрсету аумағын асқан арақашықтық) Клиент оған алдын ала хабарланған тариф бойынша қызмет көрсету кезінде дербес төлем жасайды. Егер Жазылым шарттарында өзгеше көзделмесе, Клиентке осы қызметке өтініштер саны шектелмейді.

- Жанармай тасымалдау - Жанармай тасымалдау - егер Клиенттің көлігі Автомобильдің жанармай бағында жанармайдың (газ және/немесе электр қозғалтқышынан басқа) күтпеген толық аяқталуына байланысты қозғалысты бастай немесе жалғастыра алмаса, онда Клиенттің жүгіну фактісі бойынша Клиентке қажетті марканың 10 (он) литріне дейінгі көлемде отынды Клиенттің көлігіне жеткізу үшін маман жіберіледі Клиенттің көлігінің қозғалысқа дайындығын қалпына келтіруге. Клиентке берілген отынның құнын Клиент Серіктеске отын беру орнында осы отынды сатып алу кезінде жанармай құю станциясында берілген кассалық фискалдық чекте көрсетілген сома мөлшерінде дербес төлейді. Қызмет қалалардың әкімшілік шекаралары шегінде және жазылу түріне байланысты қашықтықта тегін көрсетіледі. Егер қаланың әкімшілік шекарасынан автомобильдің нақты орналасқан жеріне дейінгі жолдағы қашықтық жазылым түрі бойынша қызмет көрсету аумағының арақашықтығынан асып кетсе, онда қызмет осы жерде осындай техникалық мүмкіндік болған жағдайда көрсетілуі мүмкін, ал қызмет көрсету аумағының арақашықтығы асып кеткен жағдайда қосымша қашықтық үшін қосымша шығындар (бұл жазылым түрі бойынша қызмет көрсету аумағын асқан арақашықтық) Клиент оған алдын ала хабарланған тариф бойынша қызмет көрсету кезінде дербес төлем жасайды. Егер жазылу шарттарында өзгеше көзделмесе, Клиент осы қызметке өтініштер саны шектелмейді.

- Көлікті / жүк салғышты ашу - Егер Клиент Автомобильдің кілттер жиынтығын Клиенттің жабық Автомобилінің салонында қалдырған жағдайда, Автомобильдің есігін ашу қажет болса, Клиенттің жүгіну фактісі бойынша ашудың техникалық мүмкіндігі болған жағдайда осы қызмет түрін жүргізу үшін маман жіберіледі. Ашудың техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда Клиентке Автомобильді Клиент көрсеткен орынға эвакуациялау қызметі көрсетіледі. Автомобильді ашу бойынша жұмыстарды бастамас бұрын Клиент осы Автомобильге иелік ету/пайдалану/билік ету құқығы туралы құжаттарды ұсынуға міндетті. Қызмет қалалардың (қызмет көрсету аумағының) әкімшілік шекаралары шегінде және жазылу түріне байланысты қашықтықта тегін көрсетіледі. Егер қаланың әкімшілік шекарасынан автомобильдің нақты орналасқан жеріне дейінгі жолдағы қашықтық жазылым түрі бойынша қызмет көрсету

аумағының арақашықтығынан асып кетсе, онда қызмет осы жерде осындай техникалық мүмкіндік болған жағдайда көрсетілуі мүмкін, ал қызмет көрсету аумағының арақашықтығы асып кеткен жағдайда қосымша қашықтық үшін қосымша шығындар (бұл жазылым түрі бойынша қызмет көрсету аумағын асқан арақашықтық) Клиент оған алдын ала хабарланған тариф бойынша қызмет көрсету кезінде дербес төлем жасайды. Егер жазылу шарттарында өзгеше көзделмесе, Клиент осы қызметке өтініштер саны шектелмейді.

4. Жазылымды толтыру шеңберінде компания клиентінің талабы бойынша орындалатын кез келген Қызметтер оның қатысуымен және клиент компанияның серіктесіне жеке басын куәландыратын құжатты, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті (көлік құралының паспортын немесе көлік құралының техникалық паспортын) және осы автокөлікті иеленудің, пайдаланудың немесе оған билік етудің заңдылығын растайтын құжаттарды көрсеткен кезде ғана орындалады.

5. Компания жазылымды толтыру шеңберінде жүргізілетін кез келген жұмыстар мен қызметтерді толық немесе ішінара орындаудан бас тартуға құқылы, егер мұндай орындау компания серіктесі мамандарының автокөлікке қол жеткізуін шектеуге байланысты қиын немесе мүмкін болмаса; не мұндай жұмыстарды орындау мүлікке немесе денсаулыққа зиян келтіру қаупінің туындауымен байланысты болса.

6. Компания компанияның клиентіне моральдық залал, жоғалған пайда, тоқтап қалу, кірістің жоғалуы және басқа да жанама және коммерциялық шығындар, шығындар мен шығындар, компанияның клиенттеріне де, үшінші тұлғаларға да, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: айыппұлдар, Автокөлікті жөндеу кезінде қонақ үйде тұру, іссапар шығындары, тауарларды жеткізу және қызметтерді өндіру мерзімдеріне байланысты шығындар және т. б., егер бұл салдарлар компанияның өзі немесе сот шешімі бойынша мойындаған компанияның кінәлі әрекеттерінен туындамаса.

7. Осы Оферта шартына сәйкес Компания жауапты болмайды және Клиентке осы Қосымшаның 1-тармағында көзделген жұмыстарды орындаудан және/немесе қызметтерді көрсетуден бас тартуға құқылы:

➤ Жазылымның төленген құны шеңберінде көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайту мақсатында, немесе аталған адамдар қылмыс немесе өзге де құқыққа қарсы іс-әрекет жасаған немесе жасауға әрекет жасаған кезде осы Қосымшаның 1-тармағында көзделген оқиғаның басталуына бағытталған есептік ақпаратта көрсетілген Клиенттің не автомобильді басқаруға жіберілген адамның қасақана іс-қимылдарын жасау;;

➤ Клиент жүгінген кезде:

- бұл көлікті басқаруға рұқсат етілмеген;

- осы автокөлікті иелену, пайдалану және/немесе оған билік ету құқығын растайтын құжаттары жоқ;

- алкоголь, есірткі немесе уытты мас күйінде немесе көлік құралдарын басқару кезінде қолдануға қарсы болатын дәрі-дәрмектердің әсерінен, сондай-ақ егер Компанияның Клиенті медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуден бас тартса;

➤ Клиенттің, үшінші тұлғалардың Компания қызметкеріне және/немесе Серіктеске қатысты, сол сияқты уәкілетті лауазымды адамдардың және/немесе өзге де адамдардың жұмыстарды орындауды тоқтату туралы немесе оларды орындаудан бас тарту туралы заңды талаптары кезінде құқыққа қайшы іс-қимылдары;

➤ Егер Клиент Компанияның өкілін және/немесе Компанияның Серіктесін балағаттайтын болса, дәрекі сөйлесе, қызметті алу кезінде немесе оны көрсету сәтінде балағат сөздерді қолданса.

➤ Көлік Оферта шартының 8.3-бөлімінде көрсетілген Қызмет көрсету аймағынан тыс жерде болған кезде;

➤ Оферта шартының қолданылу мерзімінен тыс Клиенттің өтініші;

➤ Жарыстарда, сынақтарда немесе жүргізуді үйрету үшін Компанияның есеп ақпаратында көрсетілген автокөлікті пайдалану шарты;

➤ Егер Тараптардың қосымша келісімінде өзгеше белгіленбесе, Компанияның есептік ақпаратында көрсетілген Автокөлікті лизингке, жалға алуға, жалға беруге немесе кепілге беру шарты;

➤ Клиенттің немесе басқа тұлғаның Компанияның есептік ақпаратында көрсетілген Автокөлік құралын пайдалану ережелерін бұзуы, соның ішінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік техникалық тексеруден өтпеген техникалық ақаулы Көлікті пайдалануы, өрт қауіпсіздігі ережелерін, тез тұтанатын, жарылғыш және басқа да қауіпті заттарды және/немесе ауыр жүктер мен заттарды тасымалдау және сақтау ережелерін, жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын бұзуы;

➤ Ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;

➤ Мемлекеттік органдардың өкімімен Компанияның жазбаларында көрсетілген көлік құралын әскери әрекеттер, маневрлер немесе басқа да әскери оқиғалар, азамат соғысы, кез келген түрдегі қоғамдық тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, тәркілеу, алып қою, реквизициялау, тұтқындау немесе жою;

➤ Клиенттің осы Оферта шартында белгіленген тәртіппен Автокөлікті Жазылымға қосқан кезде Клиент ұсынған шот деректеріндегі өзгерістер/сәйкессіздіктер туралы хабарламауы.

8. Жазылымды толтыру шеңберінде орындалатын жұмыстар мен қызметтердің көлемі, түрі туралы шешімді Компанияның және/немесе Әріптестің уәкілетті қызметкері қолданыстағы заңнамаға және осы Оферта шартына сәйкес қолда бар шарттарға, мүмкіндіктердің болуына байланысты және Клиенттің ерік білдіруін ескере отырып қабылдайды. Кез келген жағдайда, Компания Клиенттің және/немесе үшінші тұлғалардың Компанияға және/немесе үшінші тұлғаларға қатысты алаяқтық немесе өзге де құқыққа қарсы әрекеттеріне күдік болған кезде, Клиентке қызмет көрсетуден толық немесе ішінара бас тарту құқығын өзіне қалдырады.